

Хабарландыру

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында 2025 жылғы 30 сәуірден 14 мамырға дейін аралығында Астана қ., Қ. Рысқұлбеков көшесі, 16А үй, 177 пәтер, орналасқан екі бөлмелі қызметтік тұрғын үйде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы орталықтарының (ПШО, БББО, ПӨО, NIS АТҚКО) әйел қызметкерлері үшін босатылған бөлмені, бірлесіп тұруды бөлуге құжаттар қабылданады.

Қызметтік тұрғын үй беру қағидаларымен және қызметтік тұрғын үй алуға өтінім беру үшін құжаттар тізбесімен сайтта танысуға болады: www.nis.edu.kz.

Үміткерлерден қызметтік тұрғын үй алуға, сондай-ақ олардың тұрғын үй комиссиясының қарауына өтініш пен құжаттар пакеті 2025 жылғы 14 мамыр сағат 17.30-ға дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Хусейн Бен Талал к-сі, 21/1, 2 қабат, каб. № 207, қамтамасыз ету және құжаттау департаменті.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 23 57 00, ішкі. 1166

Тұрғын үй алуға үміткерлер Тұрғын үй комиссиясы төрағасының атына өтініш және өткізетін құжаттардың келесі тізіміне сәйкес құжаттарды тұрғын үй комиссиясына өткізеді:

- 1) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неке қию (некені бұзу) туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 3) кадр қызметі тарапынан берілген отбасының құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- 4) үміткердің отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
- 5) әлеуметтік демалыста болу мерзімдерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек өтілін растайтын кадр қызметтері беретін анықтамалар;
- 6) педагогикалық шеберлік деңгейін иелену туралы құжаттың көшірмесі (бар болған жағдайда);
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында үміткерде және оның отбасы мүшелерінде жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама (анықтама Тұрғын үй комиссиясына құжаттарды берген күнге дейін алынуы тиіс);
- 8) Ереженің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген өзге де растайтын құжаттар (бар болған жағдайда).

Құжаттар мұқаба бетінде өтініш беруші туралы (аты-жөні, қызметі, құрылымдық бөлімшенің аты (филиал) ақпарат бар қағаз скоросшивательдерде өткізілуі тиіс.